

«Біздің Қостанай» 22.09.2015ж.

### Қазақ деп соққан жүректер

Богдан Медведев – Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 4 курс тыңдаушысы:

-Еліміздегі түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл әрине қазақ халқының қонақжайлылығы мен кеңпейілділігінің арқасы деп түсінемін. Қазақстанда ешкімді ұлтқа бөлмейді. Мұндағылардың бәрі де өздерін бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп жатқан бақытты жандар ретінде сезінеді.

Өзімнің жас болсам да ұққаным, кішкентай кезінде үйренгендерің мен естігендерің мәңгілік сақталып қалады екен. Өйткені ес білгеннен жергілікті халықтың ұл мен қыздарымен араласып өстім. Анам қазақ қызы, ал әкем – орыс ұлтының өкілі.

Балалық шағымды үйде келген қонақтар менің қазақ тілін де сайрап тұрғанымды көріп, таң қалатын. Тіпті, достарымның арасында да менің аты-жөнімді сұраушылар болса, осы тілде жауап беретінмін.

Бүгінде Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыңдаушысымын. Бұл абыройлы мамандықты таңдаған себебім, әскери қызметкер болып, Қазақстан Республикасына адал қызмет еткім келеді.

Мен үнемі ізденіс үстінде жүремін. Жаңалыққа жаным құштар. Ой-өрісімді кеңейтіп, білімімді одан әрі шыңдай берсем деймін. Қазақ тілі бай да шұрайлы. Оны өз деңгейінде игеру үшін әлі де тынбай еңбектенемін.